

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

"БЖЗК" АҚ Қоғамдық кеңесінің отырысында Инвестициялық портфельді басқарушылар өз есептерін ұсынып, стратегияларымен таныстырды

"БЖЗК" АҚ (БЖЗК, Қор) жанындағы Қоғамдық кеңестің кезекті 27-ші отырысы өтті. Оған инвестициялық портфельді басқарушылар (ИПБ) - "БСС Invest" АҚ, "Halyk Global Markets" АҚ, "Jusan Invest" АҚ, "Сентрас Секьюритиз" АҚ, "Halyk Finance" АҚ өкілдері қатысты. Бекітілген күн тәртібі аясында олардың әрқайсысы өзінің инвестициялық стратегиясымен таныстырып, есептерін ұсынды. Кездесуге қатысушылардың сұрақтарына жауап берді.

"БСС Invest" АҚ өкілі өз сөзінде компанияның консервативті тәсілді ұстанатынын атап өтті. Атап айтқанда, активтердің 91,49% тұрақты кірістілік құралдарына салынған, ал қалған 8,51% үлестік құралдарда (акциялар, пайлар). Портфельді валюталық бөлу мынадай сипатта іске асырылған: ұлттық валютада 83,13%, АҚШ долларында 16,87%. 2023 жылдың қорытындысы бойынша зейнетақы активтерінің кірістілігі 13,05% көрсетті. Компания өкілі Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы (ҚҚК), ИПБ, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі (ҚНРДА) және БЖЗК-мен бірлескен жұмыс жүргізілетін мынадай мәселелерді атап өтті: басқарушы компаниялар үшін бэнчмаркты әзірлеу және бекіту; активтерді нарықтық бағалау қағидаттарын қолдану; нарық жағдайларына жедел ден қою; тәуекел-бейін бойынша әртүрлі портфельдерді қалыптастыру; нарық талаптарының нормативтік құжаттамаларын түзету.

"Halyk Global Markets" АҚ және "Halyk Finance" АҚ 2023 жылы қазақстандық эмитенттердің корпоративтік облигацияларына инвестициялауды жалғастырып, өздерінің валюталық позицияларын ұлғайтты. Атап айтқанда, "Halyk Finance" АҚ портфелінің 69,1% ұлттық валютада, 30,80% АҚШ долларында және 0,2% еуроға берілген. "Halyk Global Markets" АҚ портфеліне келетін болсақ, 69,4% ұлттық валютаға, қалған активтер АҚШ долларына бөлінген. Нәтижесінде "Halyk Finance" АҚ кірістілігі 2023 жылы 17,2%, "Halyk Global Markets" АҚ - 15,55% көрсетті. Инвестициялық компанияның жоспары - портфельдегі борыштық құралдардың үлесін ұстап тұру, сондай-ақ, кірістілікті арттыру және тәуекелдерді ауыздықтау мақсатында үлестік құралдарды (30% дейін) және валюталық позицияны ұлғайту (50% дейін).

"Jusan Invest" АҚ өкілінің баяндамасына сәйкес валюта бойынша портфель құрылымы мынадай сипатқа ие: 60% - ұлттық валютада, 40% - АҚШ долларында. Акциялар портфелінде МБҚ теңгемен – 30,88%, АҚШ қазынашылық облигациялары – 6,68%, жергілікті акциялар – 15,42%. 2023 жылдың қорытындысы бойынша кірістілік 13,48% деңгейінде болды. Бұл ИПБ-ның негізгі тәсілі - "Тәуекел паритеті" стратегиясын қолдану. Мұндай стратегия капиталдың өзін емес, тәуекелді (нарықтың құбылмалылығы тәуекел болып есептеледі) бөлуге бағытталған. Стратегияның негізгі идеясы - активтердің бір түрі төмендеген кезде активтердің басқа түрі осы құлдырауды өтейтіндей етіп бөлінеді. Осылайша портфельдің жалпы серпініне оң әсерін тигізеді.

"Сентрас Секьюритиз" АҚ-ның 2023 жылғы зейнетақы активтерінің кірістілігі 10,67% болды. Жоғарыда келтірілген мәліметтер бойынша компанияның инвестициялық портфелінің активтері былай бөлінген: ҚР МБҚ – 26,70%, РЕПО – 19,86%, ҚР квазимемлекеттік ұйымдарының облигациялары – 14,38%. Валюталар бөлінісіндегі портфель құрылымына қатысты 66% ұлттық валютада, 32% АҚШ долларында және 2% канадалық долларда екені атап өтілді.

Қоғамдық кеңес мүшелерінің сұрақтарына жауап бере отырып, ИПБ өкілдері зейнетақы активтерін инвестициялау стратегиясы олардың өсуі мен кірістілігіне бағытталғанын және ИПБ қызметінде ашықтық пен сенімділікке маңызды рөл бөлінетінін атап өтті.

"БЖЗК" АҚ жанындағы Қоғамдық кеңес мәжілісінде ұсынылған материалдармен enpf.kz сайтындағы "Қоғамдық кеңес" – "Мәжілістердің хаттамалары мен таныстырылымдары" бөлімінде толығырақ танысуға болады.

БЖЗҚ 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, жұмыс берушінің міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, сондай-ақ "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес депозиттерге міндетті кепілдік беруді жүзеге асыратын ұйым аударған кепілдік берілген депозит бойынша кепілдік берілген өтемнің талап етілмеген сомасы есебінен қалыптастырылған ерікті зейнетақы жарналарын есепке алып, оның есебін жүргізеді, зейнетақы төлемдерін жүзеге асыруды қамтамасыз етеді. Сондай-ақ Қор нысаналы активтер мен нысаналы талаптарды есепке алуды, нысаналы жинақтау шоттарына нысаналы жинақтарды (НЖ) есепке алу мен есептеуді, НЖ төлемдерін оларды алушының банк шоттарына есептеуді, "Ұлттық қор – балаларға" бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындаған тәртіппен НЖ қайтарымдарын есепке алуды жүзеге асырады (толығырақ www.enpf.kz сайтында).